

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы «Halyk Finance» АҚ 2014 жылғы I тоқсанның қорытындылары бойынша қызметінің нәтижелері туралы

20 мамыр

2014 ж.

2014 жылғы 1-ші тоқсанның нәтижелері бойынша «Halyk Finance» АҚ Қазақстанның брокерлік ұйымдарының арасында аса кірісті компания болып қалуда. 2014 жылғы 1-ші тоқсан бойынша таза кіріс 2013 жылғы 1-ші тоқсанға қарғанда 2,5%-ға ұлғайып, 421,7 млн. теңгені құрды, соның ішінде комиссиялық кіріс сол кезең бойынша 18,6%-ға ұлғайып, 243,6 млн. теңгені құрайтын болды. Инвестициялық кіріс 2013 ж. -ші тоқсанға қарғанда 30,4%-ға ұлғайып, 684,2 млн. теңге болды.

Компания активтері жылдың басынан 21,5%-ға (немесе 4,8 млрд. теңгеге) өсіп, 2014 ж. 1-ші сәуірдегі жағдай бойынша 27,3 млрд. теңгені құрды. Солардың ішінде инвестициялық қоржын 24,4 млрд. теңгені құрды, бұл жыл басына қарағанда 13,3%-ға жоғары. Жыл басынан бері қоржын кірістілігі (іске асырылған және іске асырылмаған қайта бағалау мен құрылған провизияларды есепке алумен) жылдық көрсетуде 9,6% құрды. 2014 ж. 1-ші сәуірдегі жағдай бойынша компанияның сенімгерлік басқаруында жалпы сомасы 38,8 млрд. теңгеге активтер болған, олар жылдың басына қарағанда 2,9%-ға өсті. Бұл ретте қоржынның басқарудағы кірістілігі (жыл басынан бері іске асырылған және іске асырылмаған қайта бағалау мен құрылған провизияларды есепке алумен) жылдық көрсетуде 11,2%-ды құрды, бұған қарағанда 2013 ж. ұқсас кезеңі бойынша ол 7,8% болған. Клиенттердің брокерлік қызмет көрсетудегі бағалы қағаздар қоржыны 2014 ж. 1-ші сәуірдегі жағдай бойынша, жыл басынан бері 3,5%-ға ұлғайып, 108,9 млрд. теңгені құрды.

Сонымен қатар «Halyk Finance» АҚ, Cbonds ақпараттық агенттігіне сәйкес, Қазақстан Республикасындағы «копоративтік сектор» санатында облигациялар андеррайтингі бойынша инвестициялық банктер рэнкингін басқарып, Қазақстанның инвестициялық-банктік қызметтер нарығында да жетекші рөл атқаруды жалғастырады. Жеке алғанда, 2014 ж. 1-ші тоқсаны бойынша «Halyk Finance» АҚ андеррайтер ретінде жалпы сомасы 13,6 млрд. теңгеге корпоративтік облигацияларды орналастырды, Cbonds ақпараттық агенттігіне сәйкес, бұл қазақстандық андеррайтерлер KASE сауда платформасы арқылы бастапқы нарықта орналастырған корпоративтік облигациялардың жалпы көлемінен 69%-н құрайды.

2014 ж. басында «Halyk Finance» АҚ халықаралық басылымдардың 2 беделді номинациясында жеңімпаз болып шықты. «EMEA Finance» беделді халықаралық журналы жүргізетін жыл сайынғы шолудың нәтижелері бойынша «Halyk Finance» АҚ қатарынан 4-ші жыл «Қазақстандағы үздік инвестициялық банк» деген атаққа ие болды. Бұған қоса, «Halyk Finance» АҚ 3-ші рет «Global Finance» деген әйгілі халықаралық басылымнан «Қазақстандағы үздік инвестициялық банк» деген атақ алып отыр.

2014 ж. 1-ші тоқсан бойынша тоқсандық қаржылық есептілік Компанияның веб-сайтында қол жетімді: http://www.halykfinance.kz/ru/site/index/about/financial_reports.

«Halyk Finance» АҚ – Қазақстандағы жетекші инвестициялық банк, инвестициялық-банктік қызметтердің толық кешенін көрсетеді, соның ішінде қаржылық консалтинг және андеррайтинг (корпоративтік эмитенттердің бағалы қағаздарын шығару мен орналастыруды ұйымдастыру), корпоративтік қаржыландыру қызметтері, соның ішінде компаниялардың ақциялары мен қатысу үлестерін сатып алу/сату бойынша M&A кеңес беру қызметтері мен корпоративтік борыш құрылымын қайта қарау, және де брокерлік қызметтер мен бағалы қағаздарды сату, Қазақстандық Қор Бижасының сауда алаңындағы маркет-мейкер қызметтері, инвестициялық қоржынды басқару, жүйелі түрдегі аналитикалық қызметтер.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттер базасы мен таралу желісі ең үлкен болатын Қазақстандағы жетекші қаржы тобы әрі жетекші бөлікке сауда банкі болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келіп, өзінің бөлікке сауда клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттеріне және корпоративтік клиенттеріне қызметтердің кең ауқымын (банктік, зейнетақылық қызметтерді, сақтандыру, лизинг бойынша қызметтерді және активтерді басқару қызметтерін) ұсынууда. Сонымен бірге Банк өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асырады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі
тел. +7 727 2 590 816
www.halykbank.kz

Фархад Охонов
«Halyk Finance» АҚ Қаржылық кеңес беру және андеррайтинг департаменті
Тел.: +7 727 330 01 52, www.halykfinance.kz